



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультеті
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of Journalism and Political Science
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**«АЙМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ
САҚТАУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ РӨЛІ»**
XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
7 сәуір 2022 ж.

**«THE ROLE OF THE STATE IN MAINTAINING REGIONAL AND
GLOBAL SECURITY»**

Proceedings of the XII-International Scientific and Practical Conference
on April 7, 2022

**«РОЛЬ ГОСУДАРСТВА В СОХРАНЕНИИ РЕГИОНАЛЬНОЙ И
ГЛОБАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

Материалы XII-Международной
научно-практической конференции
7 апреля 2022 г.

Нұр-Сұлтан, 2022

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

Кандидат исторических наук, профессор **Б.А. Габдулина**, Казахстан
Кандидат политических наук, профессор **М.К. Дюсембекова**, Казахстан
Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия
Магистр социальных наук, преподаватель **Н. Болатұлы**, Казахстан

«Роль государства в сохранении региональной и глобальной безопасности». Сборник материалов XII-Международной научно-практической конференции. (7 апреля 2022 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337-516-8

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337-516-8

© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2022.

Summary

The article is devoted to the study of the history and dynamics of changes in the regional ethnic structure of Kazakhstan. The ethnic composition of the regions in all periods of history had serious differences. The North, East and Center of Kazakhstan before the proclamation of the independence of the Republic were mainly inhabited by Russians and other European ethnic groups with a much smaller representation of Kazakhs. The Kazakh population traditionally prevailed in the Western and Southern regions. They also had a more Turkic composition of the population, represented by Uzbeks, Uighurs. After gaining sovereignty, the situation has changed markedly and now Kazakhs make up the majority in all regions of the country. Nevertheless, the multi-ethnic composition of the population remains, both in Kazakhstan as a whole and in specific regions. The reason for serious transformations in the regional settlement was the large-scale emigration of the Russian-speaking population, an increase in the birth rate among the indigenous population and the massive immigration of ethnic Kazakhs from abroad. The study of the regional features of the ethnic settlement of the population of Kazakhstan is of high relevance in connection with the tasks of the formation of national and civic identity, the basic vector of which should be the national patriotic idea "Mangilik El". The preservation of the multinationality of the people of the Republic of Kazakhstan is the main condition for the successful development of the country. It has been proved that in the long term, while maintaining polyethnicity, the composition of the population of the regions will develop in the direction of an increase in the number of Kazakhs, Uzbeks and other Turkic peoples.

Key words: historical conditioning, ethnic structure, polyethnicity, emigration, immigration, repatriation, concentration of ethnic groups, Russian-Slavic ethnic groups, Turkic-speaking ethnic groups.

ӘЙЕЛДЕР КӨШБАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖӘНЕ САЯСИ ҚАТЫСУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ (ӘЙЕЛДЕРДІҢ САЯСАТТАҒЫ РӨЛІ)

Идрисова Адина Берикқызы
Бюлегенова Бибигуль Бисенбаевна с.ғ.к. профессор м.а.
adina_0810@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Саясаттану» мамандығының 1-курс магистранты,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Аннотация

В статье рассматриваются участие женщин в политической деятельность. Основное внимание уделено гендерной, а так же женской политике в обществе. Статья показывает политическую жизнь времен казахской-советской идеологии и связывает ее с сегодняшним днем.

Abstract

The article deals with the participation of women in political activities. The main attention is paid to gender, as well as women's policy in society. The article shows the political life of the times of the Kazakh-Soviet ideology and connects it with today.

Саясаттағы әйел - сирек кездесетін құбылыс. Шешім қабылдау деңгейіне әйелдердің қатысу тақырыбы өте маңызды және өзекті. Оны асыра бағалау қиын, өйткені оны түсінбей, байқамай, қоғамдағы әйелдердің саяси ілгерілеуіне нақты қадамдар жасай алмаймыз. Әйелдердің саясаттағы рөлі қоғамда үстемдік ететін идеологияға, сондай-ақ еліміздің даму кезеңінің әлеуметтік-экономикалық және саяси ерекшеліктеріне байланысты екені кім-кімге де түсінікті.

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің ролі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

«Әйелдер ұйымы», «феминизм», «дискриминация», «гендер» ұғымдары өмірімізге баяғыда енген. Нақты датаны айту мүмкін емес, бірақ бұл егемен Қазақстан үшін жаңа құбылыс – әйелдер қозғалысының күш-жігерімен осыдан 25 жылдай бұрын орын алды.

Қазақтың дәстүрлі қоғамында әйел қауымы барлық өмірлік жағдайларда ерлермен тең дәрежеде болды - олар әрі мінсіз шабандоз, әрі мақсатты оқ атқыш болды, бұл кейінгі салдары төзімді, батыл, күшті, тапқыр мінезді әйелдің бейнесін көрсетуге негіз болды. Дүниежүзілік экономикалық форумның гендерлік теңдік туралы жыл сайынғы жаһандық баяндамасында Қазақстан Республикасы 2013 жылы әлемнің 146 елі арасында 32-орынға ие болды. Бұл көрсеткіш бойынша еліміз Шығыс Еуропа мен Кавказдың барлық елдерінен жоғары болса, Франция 45-ші, Қытай 69-шы, Жапония 105-ші орында тұр.

Сонымен бірге, Қазақстанның гендерлік мәселені шешудегі сіңірген еңбегін халықаралық деңгейде мойындағанымен, бүгінгі қалыптасқан жағдай Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси реформалар әйелдер мәртебесінің автоматты түрде жоғарылауына әкелмегенін көрсетеді. Олар мемлекеттік органдарда шешім қабылдау деңгейінде және экономиканың әртүрлі салаларында жоғары жалақы төленетін жұмыс орындарында әлі де нашар ұсынылған. Әйел саясаттың толыққанды объектісіне, электораттың маңызды элементіне және мемлекеттік бағдарламалардың мақсатты әрекеттерінің адресатына, саяси процестің өзінің және мемлекеттік басқарудың белсенді және ықпалды қатысушысына айналған жоқ. Мәселе мынада: биліктегі әйелдердің аздығы олардың әділетті әлеуметтік қоғам құруға қатысу мүмкіндігін төмендетеді. Бұл жоғары білім деңгейі жұмыс істейтін әйел мамандардың мансаптық перспективаларына кепілдік бермейтініне қарамастан. «Әйелдер орталық органдарда және елді мекендерде басшылық қызметтерге өте нашар көтеріледі - еркектерге рұқсат етілмейді, өйткені оның (әйелдің) ер адамға қарағанда жақсы жұмыс істейтіні бірден белгілі болады», - деді Н. Назарбаев ел әйелдерінің бірінші съезінде. Қазақстан әйелдерінің форумында Елбасы Н.Ә.Назарбаев елдегі гендерлік саясатты жүзеге асыру бойынша түбегейлі қадамдар ұсынды, Қазақстан Республикасы Парламенті сайлауында әйелдер кандидаттарына белсенді дауыс беру жайлы айтқан болатын. [1]

Осыған байланысты Елбасы әйелдердің еліміздің саяси өміріне қатысуын кеңейту жоспарын әзірлеуді тапсырды. Қазіргі таңда әйелдерді шешім қабылдау деңгейіне көтеру мақсатында 2016 жылға дейінгі іс-шаралар жоспары әзірленіп, қабылданған.

«Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы халықаралық міндеттемелердің орындалуы туралы» Қазақстан Республикасының екінші Ұлттық баяндамасында 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік қызметтегі әйелдердің саны 48 378 адамды құрайтыны туралы мәліметтер келтірілген (55,7%) (жалпы саны 91 077 бірлік). Мемлекеттік саяси қызметшілер арасында әйелдердің үлесі 10% құрайды, оның ішінде Қазақстан Үкіметіндегі 19 министрдің 3-і (15%) әйелдер. Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің мәліметінше, Парламенттегі әйелдердің үлесі 2011 жылы 13,7%, 2012 жылы 17,8%, 2013 жылы 20,1% болды. [3]

Қорытындылай келе, жүргізілген жұмыс барысында біздің мемлекетіміздің әртүрлі кезеңдерінде билікте болған немесе қандай-да бір түрде біздің мемлекетіміздің саясатына әсер еткен әйел қауымының ұлы өкілдері туралы материал зерттелді. Ғасырлар бойы адамдардың көзқарастары мен жағдайлары өзгерді. Зерттеу барысында қазақ хандығы кездегі әйел қауымның саясат саласында жұмыс жасауы жағдайдың қалай екендігі айқын болды. Соңғы кездері мемлекеттің жоғары лауазымды шенеуніктері әйелдерге қатысты жағдайды өзгертіп отырғаны қуантады. Бұл зерттеу әйелдердің саясат пен басқаруға кеңірек қатысу мүмкіндігі мен орындылығын көрсетті. Сонымен қатар гендерлік білім беру мен гендерлік білімді дамыту қажеттілігін көрсетті. Осындай мәселелерді талқылау мектеп оқушыларының, жоғару оқу орындарындағы студенттердің әлемге деген көзқарасын, қоғам дамуының жаңа кезеңіне - жеке тұлғаның теңдігі, құрмет, басымдығы қағидаттарын бекіту кезеңіне сәйкес келетін құндылық бағдарын қалыптастыруға көмектеседі. Алайда, әйелдердің саны ерлермен салыстырғанда басым деп тұжырымдалған. Саясат өз шеңберіне көбірек адамдарды тарта отырып, барған сайын кең таралған кәсіпке және маңызды

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің рөлі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

қызметке айналуға. Әрине, әйелдер саяси белсенділікті олардың тиісті білімі, амбициясы және ең қиын саяси аренада өз әлеуетін іске асыруға ұмтылысы болғандықтан таңдайды. Қазіргі таңда Қазақстандық әйел-саясаткерлердің саяси аренадағы белсенділігі қуантуды. Тәуелсіздік алғаннан бері көптеген әйел-саясаткерлер өзінің саяси өмірін, саяси қызметін дамытуда. Менің ойымша, осылай әйел-саясаткерлердің жетістіктерімен, олардың біздің елімізге қосқан үлесіне байланысты, Қазақстан басқа да шет мемлекеттердің әйел-саясаткерлермен қатарлас болатынына кәміл сенемін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының [Конституциясы](#).
2. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы № 248 Заңымен ратификацияланған Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы [конвенция](#).
3. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы № 18-II Заңымен ратификацияланған Әйелдердің саяси құқықтары туралы [конвенция](#).
4. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының [Кодексі](#).
5. Қазақстан Республикасының [Еңбек кодексі](#).
6. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының [Заңы](#).
7. Выступление Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А. на IV Форуме женщин Казахстана // Казахстанская правда. – 2005. – 16 октября.
8. Национальный доклад Совета по правам человека. Казахстан. [Электронный ресурс] – Режим доступа. – URL: <http://www.ohchr.org/EN/HRBodies/UPR/Pages/KZSession20.aspx> (дата обращения 16.03.2015)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ Өңірлерді дамыту
САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТЫ**

Қабылбай Ақбота Болатқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
саясаттану кафедрасының 1 курс магистранты,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы
bota.kabylbay@mail.ru

Жанпейсова Каргаш Далелхановна
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
саясаттану кафедрасының доценті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы
zhanpeisova73@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының аймақтық саясатының теориялық негіздері қарастырылады. Сондай-ақ, бүкіл еліміздің әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымын, экономикалық белсенділікті нығайтуға және халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал ететін өңірлердің тиімді және үйлесімді дамуы үшін мемлекет қолданатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және басқа да шараларға шолу жасалады. Өңірлік саясатты зерттеудің мақсаты – инфрақұрылымды, экономикалық белсенділікті нығайтуға және халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға көмектесетін маңызды инвестициялық жобаларды